

**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 30 наурызда № 85 қаулысы. Қостанай облысы Қарасу ауданының Әділет басармасында 2011 жылғы 15 сәуірде № 9-13-125 тіркелді. Қаулы қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 09-04/568 хаты)

**Ескерту. Қаулы қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2012.04.10 № 09-04/568 хаты).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысын, "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2011 жылғы 16 наурыздағы № 118 қаулысын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі нөмірі 3756) орындауда Қарасу ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ он сегіз

жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды өткізуі ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қарасу және Октябрь ауылдарында шақыру пункттері ұйымдастырылсын.

3. Әскерге шақыруды сапалы және ұйымдасқан күйінде өткізу үшін техникалық қызметкерлерді қосымшаға сәйкес берсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысы Ішкі істер департаменті Қарасу ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) әскерге шақыруды өткізу және командаларды жөнелту кезеңінде:

1) өз құзыретінің шегінде әскери міндеттілікті атқарудан жалтарып жүргендерді іздестіруді жүзеге асыру;

2) әскерге шақыру пунктерінде және әскерге шақырылушыларды "Қостанай облысы Қарасу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінен жөнелткен кезде қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің орынбасары А.Ғ. Қисықовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оны алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қ а р а с у

ауданының әкімі  
КЕЛІСІЛДІ:

А. Сейфуллин

"Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі  
Қостанай облысы Ішкі  
істер департаменті  
Қарасу ауданының ішкі  
істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

\_\_\_\_\_ Е. Махмұтов

"Қостанай облысы Қарасу  
ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі"

\_\_\_\_\_ А. Мұқашев

Ә к і м д і к т і ң

2011 жылғы

30

наурыздағы

№ 85 қаулысына қосымша

**Шақыру кезеңінде техникалық жұмыскерлерді  
беретін мемлекеттік мекемелердың тізімі**

№	М е к е м е атауы	Адамдар саны	Мерзімдер
1	"Қарасу ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1	2011 жылғы 1 сәуірден бастап 30 сәуірге дейін
2	"Қарасу ауданы әкімдігінің қатынастары жер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2011 жылғы 3 мамырдан бастап 31 мамырға дейін
3	"Қарасу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2011 жылғы 1 маусымнан бастап 30 маусымға дейін
4	"Қарасу ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2011 жылғы 1 қазаннан бастап 30 қазанға дейін
5	"Қарасу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2011 жылғы 1 қарашадан бастап 30 қарашаға дейін
6	"Қарасу ауданы әкімдігінің білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесі	1	2011 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 30 желтоқсанға дейін